

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері
қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен штат саны туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 10 наурыздағы N 231. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1995 жылдың 1 наурызынан бастап Қазақстан Республикасының алыс және таяу шет елдердегі Елшілері мен Өкілетті Өкілдерінің АҚШ долларымен төленетін лауазымдық жалақылары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Осы қаулыға сәйкес қызметкерлер үшін енгізіліп отырған жалақы төленіп жүрген жалақыда аз болған жағдайларда, оларға Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі осы мекемесінде сол лауазымда жұмыс істеген уақытына жалақысының тиісті айырмасы төленеді.

2. Қазақстан Республикасының алыс және таяу шет елдердегі елшіліктері мен өкілдіктері қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Елшінің лауазымдық жалақысына "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қыркүйектегі N 867 қаулысының N 1 қосымшасында белгіленген проценттік арақатынаста б е л г і л е н е д і .

3. Қазақстан Республикасы Елшілерінің шетел валютасымен төленетін лауазымдық жалақыларына дербес үстемелер 1995 жылдың 1 наурызынан бастап т о қ т а т ы л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының алыс және таяу шетелдегі елшіліктері мен өкілдіктерінің штат саны 361,75 бірлік болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 тамыздағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен штат саны туралы" N 946 қаулысының және 1994 жылғы 14 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының елшіліктері аппаратының санын және оларды ұстауға арналған шығындары реттеу туралы" N 1023 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 наурыздағы
N 231 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының алыс және таяу шет елдердегі
Елшілері мен Өкілетті Өкілдерінің лауазымдық жалақылары

Қазақстан Республикасының Елшілігі мен Өкілдігінің атауы	Лауазымдық жалақы
---	-------------------

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігі	1200
Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Елшілігі	800
Қазақстан Республикасының Украинадағы Елшілігі	800
Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігі	800
Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі	800
Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Елшілігі	800
Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Елшілігі	2250
Қазақстан Республикасының Венгер Республикасындағы Елшілігі	2000
Қазақстан Республикасының Мысыр Араб Республикасындағы Елшілігі	1800
Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Елшілігі	1700
Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасындағы Елшілігі	1900
Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі	2300<*>
Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты Өкілдігі	2500
Қазақстан Республикасының Пәкістан Ислам Республикасындағы Елшілігі	1700
Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы Елшілігі	2500

Қазақстан Республикасының Түркия	
Республикасындағы Елшілігі	2500
Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік	
Республикасындағы Елшілігі	2500
Қазақстан Республикасының Француз	
Республикасындағы Елшілігі	2500

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.09.16. N 1122 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК